

## MINOR «ШАХМАТ ПЕДАГОГЫ»

**Бағдарламаның ерекшеліктері:** Бағдарлама Қазақстан Республикасында шахматты дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған Кешенді жоспарына сәйкес әзірленген және бастауыш сыныптарда шахматты оқытуды енгізген мектептер үшін педагог кадрларды даярлауға бағытталған. Minor бағдарламасы шахматты оқыту бойынша кәсіби құзыреттерді қалыптастыруды қамтамасыз етеді, шахматтық дайындықты бастауыш сынып оқушыларын оқыту әдістемесімен, пәнаралық тәсілмен, сондай-ақ білім алушылардың сыни ойлауын және өмірлік дағдыларын дамытумен ұштастырады.

**Бағдарламаның мақсаты:** Бастауыш сынып оқушыларын шахматқа оқыту саласында болашақ педагогтердің қосымша кәсіби құзыреттерін қалыптастыру.

### Міндеттері:

- шахмат ойынының негіздерін, шахмат нотациясын және базалық стратегиялық қағидаттарды меңгеру;
- негізгі комбинациялар мен қорғану тәсілдерін қоса алғанда, тактикалық және стратегиялық дағдыларды дамыту;
- бастауыш сынып оқушыларын шахматқа оқыту әдістерін және пәнаралық интеграция қағидаттарын зерделеу;
- мектептік шахмат турнирлерін ұйымдастыру және өткізу дағдыларын меңгеру;
- партияларды талдау, сыни ойлау, тайм-менеджмент және командалық жұмыс дағдыларын дамыту.

### Бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелері:

**ОН 1** – шахмат ойынының базалық дағдыларын көрсету, оның ішінде шахмат тақтасын, фигураларды, жүріс ережелерін және негізгі стратегияларды білу.

**ОН 2** – шахмат партияларын әртүрлі нотация түрлерін (алгебралық, қысқартылған және сипаттамалық нотация) қолдана отырып жазу.

**ОН 3** – шахматтағы арнайы жүрістерді (өтіп алу, рокировка және сарбазды айналдыру) қолдану; фигуралардың құндылығын және олардың әртүрлі ойын жағдайларындағы стратегиялық маңызын бағалау; қарсыластың фигураларына шабуыл жасауды меңгеру; жеңісті және тең нәтижеге әкелетін материалдық арақатынастарды зерделеу; уәзір мен тураны жалғыз патшаны маттауда тиімді қолдану тәсілдерін меңгеру; қауіпсіз шабуыл әдістерін, соның ішінде уәзірмен және әртүрлі фигуралармен шабуыл жасауды қолдану; өз фигураларын қарсылас шабуылдарынан қорғау.

**ОН 4** – креативтілік пен стратегиялық ойлау дағдыларын көрсету, пәнаралық тәсілді қолдану.

**ОН 5** – негізгі комбинациялар мен стратегияларды, шахмат композициясының негіздерін және мәжбүрлі мат қағидаттарын білу, тақтадағы фигуралардың орналасуына және ойын жағдайына байланысты шабуыл тактикасын бейімдеу мүмкіндіктерін көрсету.

**ОН 6** – шахмат турнирлерін ұйымдастыру және оларға қатысу, турнир өткізу жүйелерінің (айналмалы, швейцариялық және нокаут жүйелері) қолданылу контекстін түсіну.

**ОН 7** – әлем чемпиондарының шығармашылығын олардың өмір сүрген тарихи кезеңдері аясында білу және көрсету.

**ОН 8** – командалық жұмыс, стратегиялық және тактикалық ойлау дағдыларын көрсету; шахмат платформаларын және шахмат ойнау ережелері жөніндегі нұсқаулықтарды пайдалану; уақытты басқару дағдыларын дамыту.

**ОН 9** – тактикалық мотивтерді қолдану: артық жүктеу, қорғанысты жою, аралық жүріс, ашық шабуыл, сарбаздық серпіліс, бөгеп тастау, соңғы горизонтальдың әлсіздігі, патшаға шабуыл жасауға бағытталған тактикалық мотивтер.

**ОН 10** – өз ойынын ұйымдастыру қағидаттарын меңгеру.

**ОН 11** – эндшпильдегі ойын стратегиясының элементтерін меңгеру.

**ОН 12** – сыни ойлау мен эмоциялық интеллект дағдыларын көрсету; меңгерілген дағдыларды өмірлік жағдайлар контексіне интеграциялау.

### Бағдарламаның мазмұны:

№	Пәннің атауы	Кредит	Сағаттың үйлестірілуі				Пәннің қысқаша сипаттамасы	Қалыптасатты ратын оқу нәтижелері
			Лекция	Прак/зер	СОӨЖ	СӨЖ		
1	1.Шахмат ойынының негіздері.	5	15	30	30	75	Студенттердің бастауыш сынып оқушыларын шахматқа оқыту дағдыларын қалыптастыру, ол үшін шахматты меңгеруге қажетті бастапқы ойын дағдыларын игеру, әртүрлі шабуыл түрлері мен қорғаныс манёврларын меңгеру, сондай-ақ стратегиялық ойлау, креативтілік және пәнаралық тәсілді қолдану дағдыларын дамыту көзделеді.Студенттерді шахмат ойынының негіздерімен таныстыру, базалық шахматтық дағдылар мен стратегиялық ойлауды дамыту, сондай-ақ шахмат партияларын жазу және талдау қабілеттерін қалыптастыру. Студенттер ойын ережелерін, негізгі қағидаттар мен тұжырымдамаларды меңгеруі, позицияларды талдауды және шахмат партиясы барысында стратегияларды дамытуды үйренуі тиіс; пәнаралық тәсілді қолдану және шахматты одан әрі тереңдетіп оқыту үшін қажетті креативтілік дағдыларын игеруі қажет.	ОН 1 ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 12

2	2.Шахмат динамикасы	5	15	30	30	75	<p>Студенттердің сенімді ойын көрсетуі үшін қажетті тактикалық және стратегиялық дағдыларын дамыту. Курс әртүрлі комбинациялық тактикалардың түрлерін зерделеуге бағытталған. Сонымен қатар студенттер шахмат турнирлерін ұйымдастыру негіздерімен, практикалық дағдыларды жетілдіруге арналған заманауи шахмат платформаларымен танысады, командалық жұмыс пен уақытты басқару дағдыларын дамытады. Студенттердің терең шахматтық білімдері мен дағдыларын дамыту, тактикалық комбинацияларды, қорғаныс және шабуыл әдістерін меңгеру, сондай-ақ шахмат турнирлерін ұйымдастыруды түсіну. Студенттер комбинациялар мен шабуылдарды қоса алғанда, әртүрлі тактикалар мен стратегияларды тиімді қолдануды үйренуі, сондай-ақ шахматтық іс-шараларды ұйымдастыру қабілеттерін дамытуы тиіс. Курс шахмат платформаларымен жұмыс істеу және нақты ойын жағдайларымен танысу арқылы практикалық дағдыларды жетілдіруге бағытталған.</p>	ОН 3 ОН 4 ОН 5 ОН 6 ОН 7 ОН 8
3	3.Шахмат ойынының “өнері”	5	15	30	30	75	<p>Студенттерді шахмат стратегиясы мен тактикасының әдістеріне үйрету, тактикалық мотивтерді тиімді қолдану арқылы шахмат ойнау дағдыларын жетілдіру. Аталған модуль проблемалық-бағдарланған оқыту тәсілдеріне негізделген, оның аясында партияның әртүрлі кезеңдерінде проблемалық жағдайларды шешу және жоспарлау дағдыларын дамыту көзделеді. Шахмат стратегиясы мен тактикасын тереңдетіп зерделеу, күрделі позицияларды шешу, партияның әртүрлі кезеңдерінде жоспар құру және жеңіске жету үшін тактикалық мотивтерді қолдану дағдыларын дамыту. Курс шахмат композициясының қағидаттарын, мәжбүрлі маттарды, назарды аудару, байлау, артық жүктеу сияқты негізгі</p>	ОН 5 ОН 8 ОН 9 ОН 10 ОН 11 ОН 12

							тактикалық мотивтерді меңгеруге, сондай-ақ әйгілі шахмат комбинацияларын және шахмат сағатының эволюциясын зерделеуге бағытталған.	
--	--	--	--	--	--	--	--	--